Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

21 мамыр сейсенбі
№40 (2050)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Алтай мен Атырау арасындағы ұланғайыр атырап төріндегі тұлпарлар дүбірі толастаған емес. Ел басына күн туса, ер тоқымын жастанып, етігімен су кешер жігіттердің ауыздығымен су ішер сәйгүліктері де саптағы сарбаздай сай. Еліміздегі «Ұлы дала жорығы – 2024» марафон-бәйгесі тарихта қазақпен бірге жасасқан жануардың да тектілігін, ұзақтыққа ептілігін сынайды. Биылғы додаға барлығы 19 команда қатысты. Бірінші кезеңде ә дегеннен суырылып алға шыққан Шығыс Қазақстанның шабандоздары жеңімпаз атанды.

ТҮЛЕКТЕР МЕРЕКЕДЕН ҚАҒЫЛМАЙДЫ

Санаулы күннен соң еліміздегі оқу орындарын 186 мың оқушы бітіріп шығады. Қолына куәлік алып, армандарға қол созып, биік шыңдарға көз тігеді. Кеуде сарайындағы асқақ мақсаттарға қанат қағады. Әйтсе де бүгінгі күнге дейін биыл бітіру кеші болмайды деген жаңалық олардың көңілін су сепкендей басқан. Таяуда сала министрлігі бұл мәселеге нүкте қойды.

4-БЕТТЕ

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»: ТҰЛПАРДЫҢ ДҮБІРІ – ТҰТАС ЕЛДІҢ АЙБЫНЫ

«Ұлы дала жорығының» қатысушылары Павлодар маңындағы «Атамекен» елді мекенінен Екібастұзға бағыт алды. Айта кетейік, атақты академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған іс-шара бұл. Тұлпарсүйер жұртшылықтың табанын бір топырақта тосатын айтулы додадағы жалпы ұзақтық – 500 шақырым. Дәлірек айтқанда, Павлодар, Ақмола облыстарын қамтымақ. Ал мәре сызығы 23 мамырда Есілдей ерке өзеннің жағасындағы ел астанасы – Елорда төрінде кесіледі.

Дүбір көрсе, тыпыршып тұра алмайтын жылқы мінез қатысушылар жарыс жолының алғашқы 100 шақырымын бағындырып, Екібастұз топырағына табан тіреген болатын. Жеңімпаздар көшін бастаған Шығыс Қазақстан облысының командасынан кейінгі орында Маңғыстау облысының шабандоздары тұр. Ал Солтүстік Қазақстан облысының серілері үздік үштікті түйіндеді. Әттеген-айы сол, Алматы облысы мен Шымкент қаласының командаларымен қатар, біздің Сыр шабандоздары да алғашқы кезеңде-ақ түрлі себептермен жарыс жолынан тайды. Бұл ретте жарысты әу бастан бақылап отырған бас төреші Надежда Купцова: «Аттардың шама-шарқын бағамдаған шабандоздар сәйгүліктерін қинамай, дер кезінде жарысты тоқтатқандары дұрыс шешім болды», – деп баға берді. Әрине, әр өңірдің табиғаты әрқилы. Жерсінбеген тұлпарға бұл жағдайлар кері әсерін тигізуі де әбден мүмкін. Құмшауыт жермен жүріп үйренген жануар тастақты жерде қиналуы ғажап емес. Мұның барлығы жарыс жолында ескерілетін нәрселер. Осы ретте айта кеткен жөн, осы кезеңде Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының командаларынан екі аттан жарамай қалса, Абай облысының бір сәйгүлігі жарыс жолынан шықты. Кеше 20 мамырда 2-кезеңде 16 команда қайта атқа қонды.

4-БЕТТЕ

21 МАМЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

МӘДЕНИЕТТЕ МӘНДІ, ӨНЕРДЕ ӨРЕЛІ ІСТЕР БАР

Биыл өңірдегі мәдениет саласында тың жаңалықтар жетерлік. Бірқатар нысандар ашылып, пайдалануға берілді. Мұнан бөлек, халықаралық деңгейдегі айтулы шараларда да Сыр өнерпаздары өнер көрсетіп, құрмет пен қошеметке ие болды. Мереке қарсаңында мәдениет пен өнер саласындағы елеулі өзгерістерге қысқаша тоқталғанды жөн көрдік.

– «Ел іші – өнер кеніші» деген аталы сөз қашан да өз мәнін жоймақ емес. «Сыр елі – өнер ордасы» деген атымыз бар. Жыл басынан бері ҚР Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаеваның қатысуымен заманауи 1000 орындық Өнер орталығы пайдалануға берілді. Халықаралық «Түрксой ұйымының шешімімен Сыр өңіріне түркі дүниесінің «Ең үздік мәдени аймағы» номинациясы берілді. Ақпан айынан бастап облыстағы 171 мәдениет үйі мен клубтарда 7 бағыт бойынша «Адал адам – мәдени-тәрбие орталығы» тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Одан бөлек, Әйтеке бидің туғанына 380 жыл толуына арналған «Әділ сөздің алдаспаны» атты тұңғыш республикалық командалық айтыс өткізілді. Әрине, бұл – бір бөлігі ғана. Әрбір күні мәдениет пен өнермен байланысы бар Сыр халқында мұнан өзге де сан түрлі жетістіктер бар. Әріптестерімді кәсіби мерекемен құттықтаймын, – дейді Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова.

Әлем суретшілерінің басын қосқан «Қылқаламда мәңгілік ел бейнесі» атты халықаралық суретшілер симпозумы да өңірдің абырой-беделін арттырған іс-шаралардың бірі. Сондай-ақ облыстық тарихи-өлкетану музейі ҚР Ұлттық музейінде «Қазақ даласындағы Оғыз тарихи мұрасы», «Ғасырлар руханияты» атты көрме ұйымдастырса, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының арнайы шақыруымен Түркия елінің Анкара қаласында, облыстық филармония өнер ұжымы Өзбекстан Республикасы Науаи қаласына шығармашылық сапармен барды. Ал жыраулар мекеніне айналған өңірдің төрінен «Жыраулар үйі» де өнерпаздар мен көрермендерге есігін айқара ашты. Облыстың 7 ауданында музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер, аналар және жастар орталықтарын біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтарының іргетасы қалануда.

Д.ҚЫРДАН

ЖАЙЛЫ ҚАЛА ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Биыл еліміздегі мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толуына орай «Халыққа қолайлы инфрақұрылым. Жайлы шаһар жасау бастамалары» тақырыбында семинар-кеңес өтті. Оған республиканың сегіз өңірінен келген қалалық мәслихат төрағалары мен депутаттары қатысты.

Ақтау, Орал, Ақтөбе, Тараз, Талдықорған, Көкшетау, Семей, Павлодар қаласынан келген халық қалаулылары ең алдымен қала әкімі Серік Қожниязовтың қабылдауында болды. Шаһар басшысы қаланың даму барысына тоқталып, өзара пікір алмасты. Мұнан соң семинар-кеңес өтті. Жиынға қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев төрағалық етті.

Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарлары Дархан Тұрсынбаев, Айдос Кентуғаев «Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары туралы», Қызылорда қаласының сәулеттік келбетін жаңғырту, «Дизайн код» жобасы жайында және облыстық мәслихаттың тұрақты комиссия төрағасы Балжан Шәменова «Бюджетті жоспарлау, орындалуын бақылау» мәселесі бойынша баяндама жасады.

2-БЕТТЕ

Киберқауіпсіздік – ақпараттық жүйелерді кибершабуылдардан, цифрлық қауіптердің басқа түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қызмет. Цифрлық әлемдегі киберқауіпсіздіктің маңызы зор, себебі біздің өміріміз цифрлық технологиялар мен интернетке тәуелді.

КИБЕРӘЛЕМ ҚҰПИЯСЫ НЕМЕСЕ ӨЗІМІЗДІ ҚОРҒАЙ АЛАМЫЗ БА?

Киберқауіпсіздіктің негізгі қатерлеріне вирустар, трояндық аттар, фишинг, шпиондық бағдарламалар және сервистік шабуылдар жатады. Бұл қауіптерден қорғау үшін түрлі әдіс қолданылады, соның ішінде антивирустық бағдарламалық қамтамасыз ету, желіаралық қалқандар, шабуылдарды анықтау және алдын алу жүйелері, деректерді шифрлау үшін криптографиялық технологиялар пайдаланылады. Ranking.kz ақпараттық порталының 2023 жылғы мәліметіне сүйенсек, ұлттық киберқауіпсіздік индексі бойынша елдер рейтингінде Қазақстан әлемде 176 елдің ішінде 78-орында. ҚР индексі максималды 100% ішінен 48,05%, ал халықтың цифрлық даму деңгейі 60,18%-ға жетті. Ұлттық киберқауіпсіздік индексі елдердің киберқауіптің алдын алуға және киберқауіпті басқаруға дайындық деңгейін анықтайды.

«Апталықтың» коллажы

4-БЕТТЕ

Биылғы оқу жылы аймақ үшін айтарлықтай жетістіктерге толы болды. Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсына 25 оқушы қатысып, 16 оқушы жүлделі орынға ие болды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсының қорытынды кезеңінде аймақтан 121 оқушы қатысып, 40 оқушы жүлделі орын иеленді.

БІЛІМ САЛАСЫНДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Алғаш рет өткізілген ауыл мектептері оқушыларына арналған олимпиаданың республикалық кезеңіне 53 оқушы қатысып, 23 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Нәтижесінде Қызылорда облысы республика көлемінде «Үздік олимпиадалық команда» атанды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар да назардан тыс қалмады. Биыл алғаш рет «Менің қолымнан бәрі келеді» атты ерекше балалардың облыстық олимпиадасы өтті. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов хабарлады.

– ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұйымдастырған жыл сайынғы «Үздік педагог» республикалық конкурсына 2022 жылы 4 педагог жеңімпаз атанса, 2023 жылы 5 педагог «Үздік педагог» иегері атанып, сайыс жеңімпаздары 3 млн теңге грант иеленді. Яғни біз республикада алғашқы үштіктеміз. Сонымен қатар 2023 жылы Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен шығармашылық ұжымдарды қолдау мақсатында 2014 жылдан бастау алған «Орта білім беретін үздік ұйым» облыстық конкурсының қорытындысымен Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицей үздік атанды. Бұл конкурс биылғы жылда да өз жалғасын таппақ, – деді басқарма басшысы.

Биылғы оқу жылында 330 мектептегі 181804 оқушы бітіреді оның ішінде 11 сыныпты 8240 оқушы аяқтап, үлкен өмірге қадам басатын болады. Оның ішінде 589 мектеп бітірушілер «Алтын белгіге», 9 сынып 16015 білім алушының 2014-і «Үздік аттестатке» үміткер. Қорытынды бітіру емтихандары 9 сыныптар үшін 2024 жылғы 29 мамыр-10 маусым аралығында, 11 сынып білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары 28 мамыр - 11 маусым аралығында өтеді.

– 11 сынып бітіруші алтын белгі үміткерлердің жазбаша емтихандары, яғни «қазақ тілі», «алгебра және анализ бастамалары» пәндері тапсырылатын емтихандарын облыстық білім басқармасы жанынан құрылған арнайы комиссия тексеретін болады. Бұл «Алтын белгіні» лайықтылар ғана алады деген сөз. Комиссия жұмыс барысында ашықтық пен әділдік, адалдық қағидаттары қатаң сақталады. Биылғы жылдың тағы бір ерекшелігі 27-31 мамыр аралығында 5-8 сыныпта білім алатын 69735 оқушы, 11 сыныптағы 10130 оқушы, барлығы облыс бойынша 79845 оқушы бірінші рет «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен емтихан тапсырады, – деді басқарма басшысы.

– Осы жылдың 6-14 мамыр аралығында ұлттық бірыңғай тестілеудің ең маңызды кезеңі үшін өтініштер қабылданды. ҰБТ 16 мамырдан 5 шілдеге дейін жалғасады. Тестілеу пункттері Қызылорда қаласында, Арал, Қазалы, Жаңақорған аудандарында орналасқан. 8240 бала мектеп бітірсе, соның 89,75% немесе 7391 оқушы ҰБТ-ға қатысады, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының бастамасымен 3 ауысымды және апаттық мектептердің мәселесіне түбегейлі шешу, 2025 жылға дейін 800 мың баланы заманауи мектепте білім алуына жағдай жасау мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына қысқаша тоқталып өтті. Өңірімізде жайлы мектеп жобасы аясында 12300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. 2024 жылға 10 мектеп, 2025 жылға 11 мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде. Нәтижесінде 4 апатты, 3 бейімделген ғимарат және 14,5 мың орын тапшылығы мәселелері шешілмек. Биыл өңірде 10 мектептің құрылысы басталған, 2024-2025 жылы 11 білім нысаны ел игілігіне пайдалануға беру жоспарланған. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынатын білім беру ұйымдарын сапалы құрал-жабдықтармен жабдықтау жүзеге асырылады. Сонымен қатар «Білім беру инфрақұрлымын қолдау қоры» арқылы құны 7 млрд 900 млн теңгені құрайтын дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат, сонымен қатар Шиелі ауданындағы 100 орындық мектеп және жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданында 150 орындық мектептің құрылысы жүгізілуде. Бұдан бөлек, Арал ауданы, Тоқабай ауылындағы апатты мектеп және Ақшатау ауылындағы бастауыш мектептің жаңа ғимараты демеушілер есебінен салынуда.

– Жазғы тыныңу лагерьлерінің жұмысына тоқталсақ, жалпы өңірде 1-10 сыныпта оқитын 173 мыңнан астам оқушы бар. Бүгінде оның 98%-ын жазғы тыныңу лагері мен еңбекпен қамту жоспарлануда. Облыс бойынша жазғы демалысты ұйымдастыруға 2518 педагог, 38 белсенді студенттер мен 23 ерікті жас тартылмақ. Одан бөлек, қала сыртындағы 8 лагерьде 7 мыңнан астам бала демалса, аймақтан тыс жерде орналасқан лагерьлерде 5646 оқушы демалыспен қамтылмақ, – деді басқарма басшысы.

София ТЕМІРБОЛАТ

ҚАЛА БЮДЖЕТІ АРТЫП, ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев баяндады.

– Өткен жыл толайым табыстарға толы болды. Экономикамыз еселеп артып, даму деңгейі бойынша барлық салада өнімді өсімдерге қол жеткіздік. Бұл – бірлік пен тынымсыз тірліктің нәтижесі. Өңдеуші өнеркәсіп көлемі – 5,3, инвестициялар тарту – 36,5, құрылыс жұмыстарының көлемі – 28,2, пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемі – 3,2 пайызға және сауда көлемі – 2,4 пайызға артты, ауылшаруашылығының жалпы өнімі – 100 пайызды құрады.

2024 жылға бекітілген қала бюджеті 58,2 млрд теңге болса, бүгінгі күні 74,3 млрд теңгеге нақтыланды. Оның ішінде қала бюджетіне республикалық және облыстық бюджеттен 35 млрд теңге трансферт бөлініп, 100 жоба жүзеге аспақ.

Тұрғын үй бойынша былтыр құрылысы басталған Сырдария өзенінің сол жағалау бөлігінде 7 қабатты 84 пәтерлі ипотекалық 6 тұрғын үйдің құрылысын жалғастыруға биыл облыстық және қалалық бюджеттерден 1,7 млрд теңге қаралды. Сонымен қатар осал топтағы отбасыларына 200 пәтер және 135 пәтер жалғыз баспанасы апатты деп танылған тұрғындарға сатып алуға 4,2 млрд теңге бөлінді.

ЖАЙЛЫ ҚАЛА ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Білім нысандарына тоқталсақ, сол жағалаудан құны 2,4 млрд теңгені құрайтын оқушылар сарайы және құны 7,9 млрд теңге болатын 300 орынға арналған жатақханасы бар 400 орындық физика-математикалық мектеп-интернатының құрылысы биыл аяқталып, ел игілігіне табысталады. Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша бастау алған білім нысандарының 5-ін биыл аяқтау жоспарланып отыр. Қалған 3 мектептің құрылысы келер жылы аяқталады. Осындай халық сұранысына

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСУЫ МАҢЫЗДЫ

Анар Даржанова, Ақтөбе қалалық мәслихатының төрағасы:

– Өзім Ақтөбе қаласынан келдім. Бізде 32 депутат бар. Биыл әр өңірден мәслихат төрағалары, депуттары жиналып, тәжірибе алмасып жатырмыз. Бұл – өте маңызды. Осы үрдіс әрі қарай жалғасын табады деген сенімдеміз. Өзіме ұнағаны – қаладағы әлеуметтік жобалардың іске асуы. Сонымен қатар қаладағы қоғамдық көлік мәселесі, жол салу, құрылыс жұмысы көңілден шықты. Осының бәрін өзімізге үлгі етіп алдық.

қажетті ғимараттардың құрылыстары биыл да жалғасуда. Яғни сол жағалаудан құны 4,8 млрд теңгені құрайтын музыкалық колледждің құрылысы қарқын алды. Оның алғашқы жұмыстарына облыстық бюджеттен 904 млн теңге бөлінді.

Денсаулық, спорт нысандары бойынша құны 2,9 млрд теңге болатын облыстық қан орталығының құрылысын аяқтау биылға жоспарланған. Ал жоба құны 36,4 млрд теңгені құрайтын ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 төсектік көпбейінді аурухана салынуда. Спорттық ойындардың бірі – үстел теннисі де бас шаһарда дамитын болады. Сол жағалаудан жаңа үстел теннисі орталығының іргетасы қаланды. Бюджеті 2,7 млрд теңгені құрайды, оның жартысы «Самұрық қазына» қоры арқылы бөлінді.Сонымен қатар дәл осы аумақтан құны 21 млрд теңге болатын 7000 орындық стадионның құрылысы басталды.

Инфрақұрылымды дамытуға келсек, облыс әкімінің үйлестіруімен «Акса энерджи» түрік компаниясы құны 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жылу электр орталығының құрылысын бастады. Ол 2025 жылы іске қосылып, қаланы сапалы жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етеді деп жоспарлануда. Меценат Болат Өтемұратовтың қолдауымен басталған, құны 15,7 млрд теңге болатын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы да таяу күндері алғашқы жолаушыларын қабылдайды. Сырдария өзенінің сол жағалауынан іргесі қаланған жаңа автовокзал пайдалануға берілді. Құны 975 млн теңгені құрайтын сапаржайды барлық стандарттарға сай деуге болады.

Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағыты бойынша «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылының бойында «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автожол көпірі салынбақ. Оған облыстық бюджеттен 142,8 млн теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңда мердігер мекеме анықталып, жақын күндері құрылыс-монтаж жұмыстары бастау алды.

Қаланың негізгі көшелерінің бірі болып саналатын 2 жолақты көшелерді 4 жолақтыға кеңейту жұмыстары қолға алынды. Бүгінгі таңда жоба құны 3 млрд теңгені құрайтын ұзындығы 2,9 шақырым болатын Қожа Ахмет Яссауи көшесі және құны 434,4 млн теңгені құрайтын ұзындығы 2 шақырым болатын Е.Көшербаев көшесін қайта жаңғырту үшін республикалық және облыстық бюджеттен 1 млрд теңге қаралып отыр. Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейін жол салуға республикалық бюджеттен 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 284,5 млн теңге, барлығы 384,5 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Қала аумағындағы ұзындығы 46,3 шақырымды құрайтын жалпы сомасы 4,7 млрд теңгеге 42 көшені орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 72 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары салынуда. Сонымен қатар Қызылжарма ауылдық округіндегі 5 көшені күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 587 млн теңге қаржы бөлінді.

Абаттандыру жұмысы да қарқын алды. Меценат Асқар Әубәкіровтың демеушілігімен 1 млрд теңгеге және облыстық бюджеттен бөлінген 800,8 млн теңгеге орталық алаңға абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Заманауи дизайнмен жасалып жатқан орталық алаңның құрылысы жазда аяқталады деп жоспарлануда. Қорқыт ата университеті және демеушілер қолдауымен Қорқыт ата университетінің алдындағы ботаникалық саябақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Қаланы көгалдандыру мақсатында «Жасыл Қызылорда» мекемесі құрылды.

Басы 1-бетте

Бұдан бөлек, қала аумағындағы 25 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге облыстық бюджеттен 1 млрд теңге қаралып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі заман талабына сай 10 аялдама салу үшін жергілікті бюджеттен 52,5 млн теңге қаралып отыр.

Қызылорда қаласы бойынша 54 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін республикалық бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Облыстық бюджеттен бөлінген 1,8 млрд теңгеге жалпы ұзындығы 48 шақырым болатын қаланың 40 көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстары қолға алынса, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 979,3 млн теңге бөлінді. Оған қоса модернизация жұмысы да назардан тыс қалмайды.

Газдандыру жобасына келсек, Ақжарма ауылдық округіне қарасты Баймұрат батыр, Талдыарал елді мекендері және Төрттам учаскісіне жаңадан газ құбырын жүргізуге қалалық бюджеттен 140,9 млн теңге бөлінді. «Ауыл – ел бесігі» жобасына барлығы 16 жобаға 1 млрд 234 млн теңге бөлінді. Жобаларды аяқтау үшін республикалық бюджетке 4,6 млрд теңгеге, облыстық бюджеттен қоса қаржыландыруға 587 млн теңге бюджеттік өтінім ұсынылды, – дейді қала әкімінің орынбасары.

ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ТУҒАН ЖЕРІНЕ ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҒЫ ҚУАНТТЫ

Темірболат Жанболатұлы, Талдықорған қалалық мәслихат төрағасы:

– Биыл ҚР Мәслихаттарының 30 жылдығына орай семинар-кеңес өтуде. Бірінші рет Қызылорда қаласынан басталып жатыр. Алдағы уақытта басқа да өңірлерде жалғасын табады. Әр қала бойынша өзекті мәселелер көтеріліп, атқарылып жатқан жұмыс жұмысы жайлы айтылып, жан-жақты ой бөлісуде. Біз үшін әріптестермен тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік туып отыр. Бір байқағаным, Қызылордадағы кәсіпкер азаматтардың елдің дамуына өз үлестерін қосуы өзімді қатты қуантты.

Семинарда дизайн код бойынша баяндама жасаған қала әкімінің орынбасары Айдос Зейнуллаұлы өз сөзінде «Дизайн код қаламыздың көп жылдар бойы қалыптасқан ғимараттардың сыртқы қасбетінің үлгісі қандай болу керектігі, оның түсі, құрылыс жұмыстарына қолданылатын материалдар, оның ішінде ғимараттардың қасбетіндегі әртүрлі үлгіде жасалған жарнаманың бір биіктікте, бір деңгей мен көлемде орналастыру, қасбеттерді біркелкілендіру, көшелердің сәулеті бірыңғай үлгіде (жарық шамдары, брусчатка, қоқыс жәшігі) тәртіптелетін құжаты болады», – деп атап өтті.

СЫР ЕЛІНЕ БІРІНШІ РЕТ КЕЛДІМ

Дастан Алтайұлы, Көкшетау қалалық мәслихатының төрағасы:

– Өзім Сыр еліне бірінші рет келіп тұрмын. Маған өте қатты ұнады. Қаланың тазалығы, абаттандыруы, жаңадан салынған ғимараттары ерекше көзге түседі. Жақында пайдалануға берілетін әуежай терминалын да көрдік. Жалпы тың жобалар қолға алынып жатыр екен. Бір ғана айтарым, Қызылорда жыл артқан сайын көркейіп, дами берсін. Халқы да өте қонақжай екен. Бәріне алғысым шексіз.

Ал Балжан Мөрәліқызы семинар-кеңес барысында облыс әкімінің тапсырмасымен бюджетті арттыру, тиімді игеру мәселелері бойынша қолға алынған тиімді жұмыстарды атап өтті. Соңғы үш жылда Қызылорда облысының бюджетінде айтарлықтай үлкен өсім бар. 2023 жылы облыс бюджеті 601,3 млрд теңгеден асты. Бұл 2022 жылғы бюджет көлемімен салыстырғанда 55,3 пайызға артық.

– Бұл ретте облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының табанды еңбегі мен іскерлігін атап өткен жөн. Облыс басшысының тапсырмасымен аймақ бойынша өзекті мәселелер жинақталып, жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, тиісті министрліктермен жүйелі жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде республикалық бюджеттен қаржыландырылған жобалардың үлесі артты. Бюджеттің ұлғаюына қызылордалық Парламент депутаттары мен сала басшылары да өзіндік үлестерін қосуда. Сонымен қатар бюджет қаржысының тиімділігін арттыру үшін облыстық мәслихаттың экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясы төрағасының басшылығымен құрамына мүдделі облыстық басқармалар өкілдері енген жұмыс тобы құрылып, салалар бойынша бөлінген бюджет қаржысына зерделеу жұмыстарын жүргізді. Қорытындысында ауқымды қаржы үнемдеуге мүмкіндік туды. Атап айтқанда, облыстың білім беру ұйымдарына бөлінген қаржының бюджеттік заңнама нормаларына сәйкестігі зерделеніп, нәтижесінде жоспардан тыс қаралған қаржы, яғни, 12,9 млрд теңге, спорт саласы бойынша 3,8 млрд теңге бюджетке кері қайтарылған.

Үнемделген қаржы аймақтың бірінші кезектегі мәселелерін шешуге жұмсалуда, – дейді Балжан Шәменова. Семинар жұмысы қаладағы әлеуметтік-экономикалық маңызды нысандарды аралаумен жалғасын тапты.

ҚАЛА ТАНЫМАСТАЙ ӨЗГЕРГЕН

Қобланбек Кожин, Павлодар қалалық мәслихатының төрағасы:

– Қызылордада керемет семинар-кеңес өтті. Жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Негізі өзім осы қалаға 2015 жылы келген екенмін. Содан бері шаһар бірталай өзгерген. Тіпті таңқалдым. Аймақ және қала басшыларының біліктілігінің, іскерлігінің арқасында көптеген жоба жүзеге асуда. Мәселе барлық жерде болады. Бірақ соны дер кезінде шешіп, жұмысты жандандырып отырған ол – орасан еңбек. Келер жылы мұндай семинар біздің өңірде жалғасады деп жоспарлап отырмыз.

Қаланы аралау барысында қала қонақтары шыны зауыты, «Мағжан и К» ЖШС күріш өңдеу және ас тұзын өндіру зауыты, «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылысы, отбасы орталығының жұмысы, облыс әкімдігінің «Ахуалдық орталығы», тұрғын үй-құрылыс комбинаты, «Анаға тағзым» орталығы, сырты заманауи панельмен қапталған көпқабатты тұрғын үйлер мен ауладағы ашық ойын-спорт алаңы, жаңадан салынған автовокзал жұмысы мен сол жағалаудың дамуы барысымен танысты. Семинарға қатысушылар қаланы көгалдандыруда мемлекеттік меншікке қарайтын кәсіпорын ашу тиімділігі, кәсіпкерлердің өз туған жерін түлетуге үлес қосып, әлеуметтік нысандарды салуда белсенділіктеріне ризашылықтарын білдірді. Сондай-ақ бюджетті тиімді игеру және қаланың даму ерекшеліктерін атап өтті. Сондай-ақ қатысушылар семинар-кеңесте тәжірибе алмасу арқылы тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыру жұмысына оң ықпал ететіндігіне сенім білдіріп, шаһардың дамуына оң бағасын берді.

Ал семинарды қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев қорытындылады.

– Еліміздің 8 өңірінен қалалық мәслихат төрағалары мен депутаттары келіп, тәжірибе алмасты. Қала әкімімен кездесіп, қаладағы нысандарды аралап шықты. Өңірден келген қонақтар Сырдың бас қаласындағы серпінді жобаларға, атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді, – деді.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттер қалалық мәслихаттан алынды

ҰЛТ ТІЛІ ЕЛ МҮДДЕСІМЕН ҮНДЕСУІ КЕРЕК

Тәуелсіздік таңымен тұғырын мықты бекіткен қазақ тілінің мәртебесін көтеру, төл тіліміздің бал бұлағымен кейінгі ұрпақты сусындату, ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейту, бұл бағыттағы насихаттау жұмысын жандандыру – ұлтын сүйген әр азаматтың борышы. Қызылорда – қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, туған тілге құрметі ерекше өлке. Бұл бір жағынан ұлтжандылықты білдірсе, екінші жағынан, тіл саласына жауапты басқарманың жүйелі жұмысының нәтижесі деп білеміз. Орайы келгенде өңірдегі тіл мәселесі, қазақ тілінің мәртебесі туралы облыстық қоғамдық даму басқармасының бөлім басшысы Ләззат Есіммен сұхбаттасқан едік.

– «Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным», – деп Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда мәлімдеген болатын. Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес қазақ тілін дамыту бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Тіл саясаты – ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Өңірімізде мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жұмысы «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған» тұжырымдамасын іске асыру және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң талабының сақталуын қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп келеді.

Тұжырымдамадағы жоспарды орындау мемлекеттік тілді қоғамның барлық саласында қолдану аясын кеңейтуге, мәртебесін арттыруға ықпал ететін болады. Бұл бағытта жергілікті атқарушы органдар қоғамдық және салалық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жүргізуде.

Атап айтқанда «Емле.kz», «Құжат.kz», «Сөздіккор.kz», «Терминком.kz», «Атау.kz», «Тілмедиа», «Бала тілі», «Тілқұрал» сайттары жұмыс істеуде.

Мысалы, «Емле.kz» сайтының орфография блогында сөздің дұрыс жазылу ережесі берілген. Бірнеше томдық кітапты ақтармай-ақ 2-3 секундта сөздің дұрыс жазылуын көруге болады. «Құжат.kz» сайтында түрлі саладағы құжаттың толтыру үлгісі берілсе, «Терминком.kz» сайтынан бекітілген терминнің дұрыс нұсқасын көруге болады.

Сонымен қатар Kaspi.kz, Krisha.kz, Kolesa.kz, InDrive сияқты мобильді қосымшаның интерфейсіне мемлекеттік тіл енгізілді. Қазақстандағы ең танымал іздеу жүйесінің бірі 2GIS карта мен ұйым туралы деректі мемлекеттік тілде ұсынуда.

Тіл саясаты саласындағы өзекті мәселе бойынша облыстық қоғамдық даму басқармасы тарапынан өткен жылы 3 әлеуметтік жоба жүзеге асты. Атап айтқанда, республикалық байқаудың облыстық кезеңін өткізуге бағытталған «Аймақтағы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру» жобасы. Сондай-ақ қазіргі таңда қоғамда жиі көтеріліп жүрген ас мәзірін мемлекеттік тілде ұсыну мәселесіне орай «Қоғамдық тамақтану орындарындағы ас мәзірінің лингвистикалық базасын қалыптастыру» жобасы және кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпаратында тіл туралы заңнаманың сақталуына бағытталған «Korneki» жобасы жүзеге асты.

Мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуын қамтамасыз етуде басқармалар, департаменттер мен жергілікті әкімдіктердің шығыс құжатындағы мемлекеттік тілдің үлесіне тоқсан сайын талдау жүргізіледі.

Өткен жылдың қорытындысымен шығыс құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі жергілікті атқарушы органдар бойынша 99,8% құрады және бұл республика бойынша 2-орынды көрсетті.

Биылғы жылдан бастап салалық басқармаға қарасты ұйымдарға осындай талдау жүргізілуде. Талдау нәтижесімен төмен көрсеткіш көрсеткен мекемелермен жұмыс жүргізіліп, мекеме басшыларына ұсыным хат жолданады.

Сонымен қатар кәсіпкерлік саласында тіл туралы заң талаптарының сақталуын қамтамасыз етуде облыстық кәсіпкерлік палатасымен әріптестік байланыс орнатылған. «Тіл туралы» заңға енгізілген өзгерістер палата алаңында кәсіпкерлерге тұрақты түрде түсіндіріліп келеді.

– Сыр өңірі тұрғындарының 90 пайызы қазақ тілін меңгергенін мақтан етеміз. Тіпті біздің облыс ана тіліміздің мәртебесін көтеруде өзге облыстарға үлгі болып жүргенінен де хабардармыз. Бұл орайда өзгелерге үлгі болатын қандай жобаларды атап айтар едіңіз?

– Облыстық байқау жеңімпаздары республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орын иеленуде. Бұл жетістікті мақтан тұтамыз. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық байқауда Тіл орталығының мемлекеттік тіл оқытушылары екі жыл қатарынан бас жүлде жеңіп алса, өткен жылы «Ең сауатты жарнама – тіл абыройы» республикалық байқауында жерлесіміз С. Байжанова жүлделі III орынды иеленді. 2022 жылы Тіл орталығының үздік деп танылған «Тыңда! Түсін! Тіл үйрен!» атты әдістемелік құралының электронды нұсқасы республикаға таратылса, 2023 жылы «Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы» жарық көріп, барлық өңірге таратылды.

Еліміз бойынша алғаш болып Сыр өңірінде бастау алған «Қоғамдық тамақтану орындарындағы ас мәзірлерінің мемлекеттік тілдегі лингвистикалық базасын қалыптастыру» әлеуметтік жобасы аясында жергілікті филолог ғалымдардың жүргізген ғылыми зерттеу нәтижесінде жарық көрген «Мемлекеттік тілдегі ас мәзірі мен тағам атаулары: қазіргі жағдайы, проблемалары» атты монографияанықтамалық пен «Тағам атаулары» сөздігі кәсіпкерлік палатасына, қала, аудан әкімдіктеріне, кітапханаларға, оқу орындарына таратылды. Бүгінде бұл әдістемелік құралдың электронды нұсқасы республика көлеміне таратылуда. Биыл «Аймақтағы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру» және «Körneki» әлеуметтік жобалары өз жалғасын табады.

– Тіл жанашырлары, ұлтжанды азаматтар мен жастар арасында мазмұнды шаралар ұйымдастырыла ма?

– Дұрыс айтасыз. Жастарымыздың арасында мемлекеттік тілге деген құрметті қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, ұлттық құндылықты насихаттау жұмысы тоқтаусыз жүруі қажет.

Жалпы тіл мәселесіндегі тәрбие – отбасынан бастау алады. «Тілді сүю – талбесіктен» дейді атам қазақ. Осы орайда өткен жылы Жастар ресурстық орталығында «Жастар және тіл» тақырыбында диалог алаңы ұйымдастырылған болатын. Бүгінде бұл шара өз жалғасын табуда.

Ұлттық құндылығымызды дәріптеп, салт-дәстүрімізді насихаттау мақсатында халқымыздың жыл басы және жаңару айы – Наурыздан бастап Сыр өңірінде биыл «Руханият жылы» деп жарияланғаны белгілі. Осыған орай жастар арасында мемлекеттік тілді дәріптеудің іс-шара жоспары бекітіліп, 3-30 сәуір аралығында «Тіл айлығы» жарияланды.

Жоспар аясында іс-шаралар облыстағы көрнекі ақпаратта мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету бағытында ұйымдастырылатын «Тіл тазалығы» атты акциясынан бастау алды. «Тіл – ұлттың жаны» атты студенттер арасында әлеуметтік желілілер арқылы бейнеролик байқауы, «Тіл және жастар» тақырыбында дебат ойыны, «KAZAKH TIL QUIZ» интеллектуалды сайысы ұйымдастырылды. 15 сәуір – «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» күніне орай жоғары және арнаулы орта оқу орындарының жастары арасында қазақтың ұлттық киімін кию күні болып белгіленді.

Ұрпақтар сабақтастығын дәріптеу мақсатында ардагерлер мен жастар арасында «BIR TOLQYNDA» диалог алаңы, «Этно QUIZ» ұлттық-танымдық интеллектуалды сайысы, «Оян, қазақ!» кинофильмін жастар арасында талқылау өтті. Ай бойы ұйымдастырылған іс-шаралар «Ұлттық рухтың негізі – ана тілі» атты дөңгелек үстелмен қорытындыланды.

«Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты этнос өкілдерінің қатысуымен өткен облыстық байқау жеңімпаздары бүгінде елге танылған тұлғаға айналды. Атап айтқанда, ҚР Мәжіліс депутаты Г.Шиповских, Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысы Е.Рыбина, облыстық Ассамблея мүшесі С.Крюгердің қазақ тіліне деген құрметі өзгелерге үлгі.

– Қоғамдық орындарда, кәсіпкерлік нысандарда тілдік норманы сақтауда кемшіліктер анықталды ма?

– Қызылорда қаласы әкімдігі мен «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалы бірлесіп, кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпаратында тіл заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету және қоғамдық көлікте аялдама атауының мемлекеттік тілде айтылуы, қазақша ән мен күйдің берілуі, ішкі көрнекі ақпаратының талапқа сай болуын қадағалау мақсатында рейд ұйымдастырылып отырады.

«Körneki» әлеуметтік жобасы аясында 1223 кәсіпкерлік нысанға тіл туралы заңнаманың сақталуына зерделеу жұмысы жүргізіліп, кемшілік анықталған 138 нысан иесіне ұсыным хат жолданды. Бүгінде оның 128-інде кемшілік жойылған. Жоба аясында кәсіпкерлерге әдістемелік көмек көрсетіліп, 124 көрнекі ақпарат мәтіні орыс тілінен қазақ тіліне аударылып берілді. Сондай-ақ ас мәзірі бойынша іске асырылған жоба аясында 20 қоғамдық тамақтану орнының ас мәзірі мемлекеттік тілге аударылды.

– Ақпараттық көрнекі құралдар қазақ тілінде жазылу керек деген талап қоясыздар ма?

– Әрине, 2022 жылдың 21 қаңтарынан «Тіл туралы» заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес барлық көрнекі ақпараттар мемлекеттік тілде жазылуға міндетті, қажет болған жағдайда басқа тілдерде жазуға шектеу жоқ. Бірақ ол кезде әріп өлшемдері бірдей болуы шарт. Сыр өңірі қашанда өзге өңірлерге үлгі болуы керек қой, сондықтан осыны алға тартып, кәсіпкерлерді барлық көрнекі ақпарат мәтінін қазақ тілінде жазуға шақырамыз.

– Қазақ тілін үйренгісі келетін өзге ұлт өкілдеріне арналған курстар бар ма?

– Басқармаға қарасты Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы, Қызылорда қаласы мен аудандардағы мемлекеттік мекеме, кәсіпорын, ұйым қызметкерлеріне, сондай-ақ жеке тұлғаларға мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдері бойынша тегін оқыту курсын ұйымдастырады.

Айта кету керек, 2023 жылы Тіл орталығы арқылы барлығы 2028 адам мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін оқыту курстарынан өтті. 1050 адам мемлекеттік тілді, 425 адам орыс тілін, 553 адам ағылшын тілін үйреніп шықты.

Тіл орталығының әлеуметтік желідегі парақшасында сөздің дұрыс жазылуын насихаттауға арналған «Сөзтүзер», «Ұлылар ұлағаты», «Трендтегі сленгтер», «Ас мәзіріңіз қазақша ма?» және «Кино Time» «Practical English» ақпараттық айдары тұрақты жүргізіледі.

– Тілдік норманы сақтамаған жағдайда меншік иесіне айыппұл салына ма?

– Жоқ, басқарманың ондай құзыреті жоқ. Дегенмен кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпараттарына жүргізілген зерделеу жұмыстарының нәтижесінде кемшілік анықталған нысан иесінің атына ұсыным хат жіберілді.

– Тіл туралы заңның бірнеше бабына өзгеріс енгізілгенін білеміз. Сол жайлы да нақтылап айта кетсеңіз...

– Заң 2022 жылғы 21 қаңтардан күшіне енді. Заң аясында Қазақстан Республикасының 16 заңнамалық актісіне түзетулер енгізілді.

Енгізілген норма көрнекі ақпаратты қазақ тілінде қатесіз жазуға міндеттейді. Яғни көрнекі ақпарат мәтінінің түпнұсқа мағынасын сақтап аудару талабы қатаң ескерілуі тиіс. Бұл талап екі тілде берілген мәтіндердің мағыналық жағынан сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Ең бастысы, бұған дейін «Тіл туралы» заңның 21-бабы бойынша көрнекі ақпараттарда мемлекеттік және орыс тілдерін қолдану міндетті болып келсе, жаңа заңмен тек мемлекеттік тілді қолдану міндеттеліп отыр.

– Тіл мәселесінде түйткілдер, шешілмей жатқан, елді алаңдатқан мәселе бар ма?

– Әрине, бар. Қазақ тіліндегі мульфильмнің, балаларды қызықтыратын бағдарламаның, сапалы киноның аздығы және жастардың мектептен шыға бере және отбасында орыс тілінде сөйлеуі, ақпараттық технологияда мемлекеттік тілдің қолданылуы, мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдыру секілді өзекті мәселелер бары рас.

– Ұлт тілі мәңгілік өркендеп, елдің мұрат-мақсатына қызмет етуі керек. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін болашақта маңызды қандай жобалар қолға алынбақ?

– «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспары бекітілді.

Жоспарға сәйкес «Тілдегі өзгерістер: тіл үйретудегі отандық әдістеме» атты республикалық ғылыми конференциясын өткізу, меншік нысанына қарамастан салаға қарасты барлық мекемеде, кәсіпорында, ұйымда заң талаптарына сәйкес іс қағаздары мен құжаттама жүргізуде және жиындарды өткізуде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету, мекемелерде, оларға қарасты ұйымда, жоғары, арнаулы орта және жалпы орта оқу орнында жеке куәліктегі «-ов, -ова,-вич, -вна» жұрнақтарын ұлттық дәстүрге сай өзгерту жұмысын насихаттау қолға алынбақ. «Қызылорда облысы ойконимдерінің этномәдени негізі мен этнолингвистикалық табиғаты» әлеуметтік жобасы әзірленуде.

Мемлекет басшысы биыл Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда мемлекеттік тілді дамыту мәселесіне тоқталып, «Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында. Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек» деген болатын.

Олай болса, Сыр елінің әрбір азаматы отбасында, ұжымда, қоғамдық орындарда мемлекеттік тілде сөйлеп, ана тіліне деген қамқорлығын, жанашырлығын нақты іспен көрсетуі керек.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен **Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА**

ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР МЕКТЕПТІҢ МАЙДАНГЕР ҰСТАЗДАРЫ

Тарихтан белгілі 1941-1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғысқа КСРО армиясында қызмет еткен 178 мыңға қосымша Қызыл Армия қатарына 1 млн 200 мың қазақстандық шақырылды. Олардың 600 мыңнан астамы соғыс майданында қаза тапты. Қазақстан жауынгерлері барлық шайқастарға қатысты. КСРО жауынгерлік ордендерімен және медальдарымен Қазақстаннан жүз мыңнан астам жауынгер марапатталды, 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер етті және халықтық білім беру жүйесі мен кеңес мектебінің қызметіне қатты әсер етті. Соғыс кеңестік білім беру жүйесі, іскерлік және сол кездегі барлық зиялы қауымның, оның ішінде мұғалімдер мен оқытушылар үшін ауыр сынақ болды.

Мыңдаған жоғары сынып оқушылары, мұғалімдер мен студенттер патриоттық импульске ие болып, Қызыл Армия қатарына шақырылды.

Осындай жағдай білім ұясының ұстаздары мен жоғары сынып оқушыларының да басына түсті. Қала мектептерінің қарашаңырағы атанған бұрынғы 1 Май, қазіргі Қалтай Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназия-

сының ғасырлық тарихы бар. Мектеп-гимназия тарихы Ұлы Отан соғысына 7 мектеп директоры қатысуымен де ерекшеленеді.

Олар :

1.Дайрабай Байханов
2.Ахмет Пірназаров
3.Саттыбаев Қалий
4.Әділбек Айзунов
5.Әлкен Иманбаев
6.Бертай Сейтмұратов
7.Әсім Тобылбаев

(Ортада мектеп директоры Ахмет Пірназаров оқушылары мен ұстаздар арасында).

Ахмет Пірназаров бастаған 1 Мамыр мектебінің ер мұғалімдері майданға аттанды. Бұл соғыста мектеп директоры А.Пірназаров 1943 жылы Ленинградты қорғау кезінде ерлікпен қаза тапқаны жайлы, ұстаздарымыз К.Медетовтың, А.Ығылмановтың, М.Бейсеновтың қазаға ұшырағандары туралы қара қағаздар келді. Ахмет Пірназаровтың ерекше талантты шәкірттері ұстазымен бірге майданға аттанған болатын. Еркебай мен Ергештен де хат үзіліп, хабарсыз кетеді.

1942 жылдың маусым айында Байханов Дайрабай өзі сұранып, майданға аттанып, Румыния, Болгария, Венгрия, Австрияда Совет армиясының офицері ретінде саяси қызметкер болып қызмет атқарады. Елге 1946 жылы капитан шенімен оралып, ұстаздық қызметін жалғастырады. Бұл ағалар – қаламын қаруға, сыныбын окопқа айырбастап, ел басына күн туған ауыр кезеңде жаудың бетін қайтарған жауынгер ұстаздар. Майдангер ұстаздардың ерлігі мен өнегелі жолы бүгінгі ұрпаққа өнеге.

Қуаныш ИЗАТУЛЛАЕВ,
Қалтай Мұхамеджанов атындағы
№1 мектеп-гимназия директоры

КИБЕРӘЛЕМ ҚҰПИЯСЫ

НЕМЕСЕ ӨЗІМІЗДІ ҚОРҒАЙ АЛАМЫЗ БА?

Елдердің киберқауіпсіздік индексі үш санат бойынша: жаһандық киберқауіпсіздік, ақпараттық технологиялар дамыту индексі және желінің дайындығы арқылы бағаланады. Қызметкерлер мен жас мамандарды кибергигиенаға үйрету және киберқауіпсіздіктің кешенді стратегиясын әзірлеу ұйымдарды киберқауіптерден қорғаудың негізгі элементтері саналады. Қазіргі кезде елімізде IT саласында 50 мыңға жуық маман жетіспейді. Елдегі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті ақпараты бойынша елімізде ақпараттық қауіпсіздік мамандарын даярлайтын 8 жоғары және 25 орта арнаулы оқу орны бар. Жастардың ақпараттық қауіпсіздік мамандығы бойынша білім алуына 2023-2024 жылдары 3723 білім гранты бөлінген. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында «Ақпараттық криптография», (кибер) қауіпсіздік «Ақпараттық және қауіпсіздік» мамандықтары 85 адам білім алған.

Киберқауіпсіздіктің маңызды бөлігі шабуылдарды жедел анықтауды, оларды талдауды және болашақта ұқсас оқиғалардың алдын алу үшін шараларды әзірлеуді қамтитын инциденттерге әрекет етуге қызмет етеді. Орташа есеппен әрбір төрт секунд сайын жаңа зиянды бағдарлама жасалады және кибершабуылдардан келген шығын құны бүкіл әлем бойынша миллиардтаған долларды құрайды. Жасанды интеллект пен машиналық оқытуды дамыту киберқауіпсіздік процестерін автоматтандыру және олардың тиімділігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Дегенмен технология дамыған сайын киберқылмыскерлер түрлі тәсілдер ойлап табуда. Сондықтан киберқауіпсіздік бүкіл әлем бойынша IT мамандары, бизнес және мемлекеттік органдар үшін басты мәселе болып қала береді. Ең маңыздысы – халықтың ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлер туралы хабардар болуы. Деректерді қорғаудың бірінші қадамы күрделі және қайталанбайтын құпиясөздерді пайдалану екенін бәріміз білеміз. Ақпаратты қорғауда қандай құралдар мен технологиялар деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге көмектеседі? Осы ретте ақпараттық қауіпсіздік саласының маманы, Қызылорда облысы әкімі аппаратының Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бөлім басшысы Ақмарал Әлменоводан жеке ақпараттарды желіде қорғау үшін қандай қадам жасау керектігін сұрадық.

– Қазіргі уақытта бұл сұрақ интернет қолданушылардың барлығын ойландырады. Тұрғындар интернеттегі жеке ақпараттарын, яғни дербес деректерін қорғау үшін бірнеше қадамдар жасай алады. Ең бастысы, сенімді құпиясөз пайдалану және оларды үнемі жаңартып отыру, қауіпсіздіктің қосымша деңгейі үшін екі факторлы аутентификацияны қосу, электрондық поштаны және тексерілмеген сілтемелерді ашқан кезде абай болу, жалпыға ортақ желілерге қосылған кезде қауіпсіз Wi-Fi және VPN желілерін пайдалану, бағдарлама мен қосымшалардың осал тұстарын жабу үшін құрылғылардағы бағдарламалық жасақтаманы жаңарту, әлеуметтік желілерде және онлайн профильдерде бөлісетін жеке ақпараттың мөлшерін шектеу. Сондай-ақ онлайн-сауда жасау және төлем деректерін ұсыну кезінде абай болу керек, қаржылық және онлайн-аккаунттарыңызды күдікті әрекеттерді үнемі тексеріп отырыңыз. Бейтаныс адамдарға жеке ақпаратты ашудан аулақ болу, онлайн чаттар мен әлеуметтік желілерде сөйлескен кезде абай болу қажет, – дейді бөлім басшысы.

Қауіпсіздік шараларымен қатар, деректердің құпиялығын сақтау да маңызды. Деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуде қандай құралдар мен технологиялар көмектесетіні туралы маман кеңесіне жүгіндік.

– Деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге бірнеше құралдар мен технологиялар көмектеседі. Олар: Деректерді шифрлау – деректерді рұқсатсыз кіруге болмайтындай етіп қорғау үшін шифрлау алгоритмдерін пайдалану; виртуалды жеке желілер (VPN) – құрылғылар мен қашықтықтағы серверлер арасында шифрланған туннель құру негізінде интернет арқылы деректерді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету; деректерді жасыру – рұқсат етілмеген пайдаланушылар үшін түсініксіз болып қалуы үшін деректерді жасыратын және өзгертетін технологиялар; қауіптерді бақылау және анықтау құралдары – деректерге қол жеткізудің аномальды белсенділігі мен күдікті әрекеттерін анықтауға мүмкіндік береді; браузерлерде бақылауды бұғаттау – үшінші тараптардың жеке ақпаратты желіде жинауына және пайдалануына жол бермеуге көмектесетін құралдар; блокчейн технологиясы – деректердің тұтастығын және бұрмалауға жол бермеуді қамтамасыз ете отырып, цифрлық қолтаңбасымен таратылған және сенімді дереккорларды құруға мүмкіндік береді. Бұл құралдар мен технологияларды әртүрлі сценарийлерде деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін жалғыз немесе біріктіріп пайдалануға болады, – дейді Ақмарал Байжанқызы.

Сарапшылар жүргізген талдау бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық электр байланысы одағының жаһандық киберқауіпсіздік индексінде Қазақстан 9 позицияға көтеріліп, қазіргі уақытта 40-шы орыннан 31-ші орынға орналасты. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің тапсырысы бойынша ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау мәселелері әлеуметтік нәтижелеріне сүйенсек, халықтың 80,4%-ы ақпараттық қауіпсіздікке және дербес деректерді қорғауға төнетін қатерлерден хабардар екен. Мамандар пікірінше, заманауи кибершабуылдарға қарсы көп факторлы аутентификация, деректерді шифрлау, бағдарламалық жасақтама мен аппараттық құралдарды үнемі жаңарту және киберқауіпсіздік бойынша оқыту сияқты әдістер тиімді. Сонымен қатар қауіп-қатерді бақылау және анықтау жүйелерін пайдалану, тұрақты қауіпсіздік аудиттері, желіні сегменттеу, сондай-ақ, шабуыл болған жағдайда жылдам қалпына келтіру үшін деректердің тұрақты резервтік көшірмесін жасау керек.

Forbes.kz сайтында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, биыл қаңтар айында Қазақстанда 4,2 мың кибершабуыл тіркелген, бұл өткен жылдан екі есе көп. Кибершабуылдардың көпшілігі компьютерлерді зиянды вирустармен, желілік құрттармен және трояндармен жұқтыруға қатысты, яғни 2,8 мың жағдай тіркелсе, жыл сайынғы өсім 69,1%-ды құрап отыр. Бұл ретте электрондық мемлекеттік қызметтерді пайдалану кезінде деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қандай шаралар қолданатыны туралы білдік.

– Электрондық мемлекеттік қызметтерді пайдалану кезінде деректерді қорғаудың келесі шаралары қолданылады. Пайдаланушының жеке басын растау үшін көп факторлы аутентификация сияқты күшті аутентификацияны пайдаланылады. Тасымалданатын деректерді ұстап қалуға және санкциясыз қол жеткізуді болдырмау үшін шифрлау арқылы қорғау жүзеге асады. Қол жеткізу құқықтарын басқаруды және пайдаланушылардың белсенділігін мониторингілеуді қоса алғанда, ақпарат пен жүйелерге қол жеткізуді бақылау шаралары іске асырылады. Бағдарламаның осал тұстарын жабу үшін бағдарламалық жасақтама үнемі жаңартылады. Қызметкерлерді деректер қауіпсіздігі ережелерін сақтауға және ықтимал қауіптерге жауап беруге дайындау, дербес деректер және оларды қорғау туралы заң талаптарын сақтау және ақпаратты өңдеу мен сақтаудың тиісті саясаты құрылған. Бұл шаралар электрондық мемлекеттік қызметтерді пайдалану кезінде деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және пайдаланушылардың жеке ақпаратын қорғауға көмектеседі, – дейді Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бөлім басшысы Ақмарал Әлменова.

Жеке деректерді қорғау үшін маман пікірі маңызды. Орайы келгенде тағы да маман кеңесіне жүгіндік.

– Жалпы ақпараттық қауіпсіздік – біздің цифрлық әлемдегі маңызды аспект. Деректер мен желілерді киберқауіптерден қорғау ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде жеке тұлғалар үшін де, ұйымдар мен мемлекет үшін де қажет. Жеке ақпаратпен бөліспес бұрын абай болыңыз. Интернетте мекенжай, телефон, несие карталарының нөмірлері және т. б. сияқты жеке ақпаратты жарияламас бұрын сайтты тексеруді ұмытпаңыз. Деректердің қауіпсіздігі туралы заңдар мен ережелерді ескеріп, олардың сақталуын қамтамасыз етіңіз. Балаларыңыз бен қарт адамдарға желіде қауіпсіздікті қалай сақтау қажеттігін түсіндіру арқылы қауіпсіз ортаны құрасыз. Басқаларды қорғауға көмектесу үшін күдікті әрекеттер немесе алаяқтық туралы білсеңіз, тиісті орынға хабарлаңыз. Киберәлемдегі ақпараттан хабардар болу және қорғану үшін жаңа ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен қауіптер туралы білімді жетілдіріп отыру қажет, – дейді ол.

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ТҮЛЕКТЕР МЕРЕКЕДЕН ҚАҒЫЛМАЙДЫ

Түлектер үшін 1 қыркүйек қаншалықты маңызды болса, 25 мамыр да соншалықты мәнге ие. Өйткені жүректері алып-ұшып, қуаныштан жүзі бал-бұл жанған түлектің жаңа өмірге қадам басатын күні. Таяуда ғана сала министрлігі «Таңдау оқушылар мен мектеп ұжымының өз еркінде» деген үндеу жариялады.

– Осы жылы түлектерге соңғы қоңырауды өткізудің жаңа форматын ұсынып отырмыз. Ол барлық оқушыны бір аудиторияға жинап, шынымен де ыстық естеліктерді оятып, түлектерді одан ары жақындастыратын шара болмақ. Мұнда балаларды әдеттегі мерекелік көңіл-күйден айыру деген ой жоқ. Мерекеден қағылмайсыңдар, қайта оқушыларды рухани байытатын, тәрбиелік мәні зор дүниелерге бет бұрамыз, – деген еді ҚР оқу-ағарту бірінші вице-министрі Наталья Жұмаділдаева.

Әйтсе де күн сайын тың жаңалық шығатын саладағы бұл бағыт та өзгеріске енді. Әрине, «Сынып сағаты» деңгейінде емес, кең көлемде аталып өтілуге де рұқсат берілген. Ұстаздар, оқушылар мен ата-аналар түлектердің маңызды күнін мерекелеуге рұқсат берілгеніне қуанышты. Алайда олар үшін ең маңыздысы, ұлттық бірыңғай тестілеу болып тұр.

Қалаға қарасты Бірқазан елді мекеніндегі №145 орта мектепті биыл 8 бала бітірсе, оның біреуі «Алтын белгіге», екеуі «Үздік аттестатқа» үміткер. Бітіруші түлектердің сынып жетекшісі Қарлығаш Амангелдіқызы оқушылар мен ата-аналардың дайындығы жоғары екенін айтты. Бір айта кетерлігі, мұндағы балалар ешқандай ақылы дайындыққа бармайды, білім ошағындағы ұстаздарының жетекшілігімен білімдерін тереңдетіп, мектеп бағдарламасына сай дайындық үстінде. Бұл бағытта Ғани Мұратбаев атындағы №171 орта мектептегі бітіруші түлектердің сынып жетекшісі Бақыт Насыровамен де сөйлескен едік.

– Бұл мерекені ата-ана да, бала да, мұғалім де асыға күтеді. Министрліктің шешімін құптаймын. Жылдағы үрдіспен мерекені атап өтетін болдық. Балалардың жүзінде қимастық, сыйластық, жылулық бар. Болашағынан үміт күттірген шәкірттерімді мен де қимаймын. Ал оларды жарқын болашаққа шығарып салу – мен үшін де маңызды күн, – дейді Бақыт Ахметбекқызы.

Айта кетейік, аталған білім ошағын биыл 17 оқушы бітірсе, оның ішінде бір «Алтын белгі» мен екі «Үздік аттестатқа» үміткер бар.

– Бұл күн – 1 қыркүйек тәрізді жоғары маңызға ие дата. Оқушылар үшін ерекше мереке. Сондықтан білім саласы басшыларының «Балаларды мерекеден айырмаймыз» деген ұстанымы мен бағыты бізді қатты қуантты. Ата-аналар да, балалар да, сынып жетекшілері де мәре-сәре. Сағат тілі ертеңгі дәл осы уақытқа қайта айналып келуі мүмкін, бірақ дәл осы сәт оралмайды. Міне, біз де басқа мектептер тәрізді соңғы қоңырау мерекесіне дайындалып жатырмыз. Алла қаласа, балалар үшін маңызды мереке өз дәрежесінде тойланатынына сенеміз, – дейді №44 орта мектептегі бітіруші сынып жетекшісі Фарида Досмағамбетова.

Әрбір шәкірттің шыңға бастар күнінде жанында ата-анасы мен жақсы көретін ұстаздары қуанышты сәтіне куә боп тұрғаны қандай жарасымды?! Бүгінде елдегі ата-аналар мен шәкірттердің, сондай-ақ ұстаздардың қуанышын еселеген жаңалық еді бұл...

Басы 1-бетте

Аян СПАНДИЯР

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»:

ТҰЛПАРДЫҢ ДҮБІРІ – ТҰТАС ЕЛДІҢ АЙБЫНЫ

«Алғашқы үш жеңімпаз 3-7 қыркүйек аралығында өтетін 5-інші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының алдында өтетін халықаралық марафон-бәйгеге қатысу лицензиясын ұтып алады. Біздің пайым бойынша, халықаралық кезеңге шет мемлекеттерден кемінде 15 команда қатысады. Олардың қатарында Түркия, Сауд Арабиясы, Моңғолия, Венгрия, Түркіменстан, Иран және Өзбекстан тәрізді мемлекеттер бар. Әрине, мұндағы жағдай тұрақты назарда. Мәселен, марафон жұмысына 2 халықаралық және 3 қазақстандық судья, 2 халықаралық және 3 қазақстандық мал дәрігері қатысып, жоғары стандарттарды сақтау мен жылқылардың денсаулығын бақылап, оларға қамқорлық жасалуын қадағалауда», – дейді жарыс ұйымдастырушылары.

Салт атты шабандоздармен қатар, өткен екі жыл қатарынан танымал әуеқой велошабандоз Раббим Борашев та Астана мен Түркістан аралығындағы 1200 және 1300 шақырымды бағындырған болатын. Маңғаз Маңғыстаудың тумасы осы жолы да бескүндік аламанда бақ сынап, 500 шақырымды бағындырамын деп, білек сыбана іске кіріскен. Нәтижесі алдағы уақытта белгілі болады.

Алты Алашқа сауын айтқан дүбірлі додаға «AMANAT» партиясы, Павлодар облысының әкімдігі мен туризм және спорт министрлігі қолдау көрсетуде. Ал ақпараттық қолдауда «Қазақстан», «Астана» және «Хабар» телеарналары белсенділік танытуда. Марафон-бәйге әлеуметтік желілер арқылы да тікелей көрсетілуде.

Басы 1-бетте

Дәулет ҚЫРДАН

САЗГЕРДІҢ САЗДЫ ӘУЕНІ

Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде елге есімі белгілі сазгер, ҚР Мәдениет саласының үздігі төсбелгісінің иегері, республикалық композиторлар байқауының лауреаты Сәкен Шынымовтың «Сазды әуен жүректерді тербеген» атты шығармашылық кеші өтті.

Шығармашылық кеш сазгердің студент кезінде ақын Нұрлыбек Сафинмен бірге шығарған «Назерке» әнімен бастау алды. Бұл ән облыстық байқауда бірінші орын иеленіп, бүгінде үлкен сахналарда шырқалып жүр. Сонымен қатар лэд экран арқылы сазгердің өмірі мен шығармашылығы туралы бейнебаян көрсетілді.

Салтанатты жиында қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыппар Тәжмаханов қала әкімінің және облыстық мәдениет, архивтер құжаттамасы басқармасынының арнайы құттықтауын табыстап, шығармашылығына сәттілік тіледі.

– Сәкен Шынымов білім мен өнерді ұштастырып, бала жанрының бағбаны бола білген ұстаз, сазгер. Ол балаларды ән өнеріне баулып, үлкен сахнаға алып шығуда, – деді Жағыппар Тәжмаханов.

Есімі елге танылған ұстаз, сазгер Сәкен Шынымов облыстағы балалар шығармашылығына арналған «Таңшолпан», «Бозторғай», «Бал-бала» сынды байқауларға әндер жазып, өскелең ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосып жүр. Бүгінде балаларға арнап ән шығарған сазгердің шығармашылық жолында жүргеніне 30 жыл болған.

– Қазіргі таңда 100-ге жуық әнім бар. Оның 40-қа жуығы балаларға арналған. Жалпы балаларға ән жазу үшін балаша қуанып, сезініп, жылай білу керек. Сонда ғана балаларға ән шығады. Бұрын балаларға арналған әндер аз болса, бүгінде балалар әндерінің қоржынын көбейтудеміз, – дейді Сәкен Шынымов.

Жақында 8 сынып оқушысы Балғынбай Исламбек республикалық байқауға қатысып, Сәкен Шынымовтың «Ұстазым» әнін орындап I орын алса, балабақша бүлдіршіні Айым Қайырбек «Бабалар аманаты» атты республикалық байқауда бірінші орын иеленген.

Танымал сазгердің репертуарындағы әндері бүгінде республикалық және облыстық байқауларда алдыңғы шепте тұр. Сондай-ақ балалардың шығармашылығынан бөлек сазгердің әнін танымал эстрада әншісі Сәкен Майғазиев, Гүлнұр Оразымбетова және Серік Ибрагимов те шырқап жүр.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2902 Тапсырыс №783

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ